Фильм «Остров Возрождения» (2004) Рустема Абдрашева снят по поэме отца режиссера Жараскана Абдрашева – «Қаладан келген қыз», являющимся автобиографическим произведением о первой любви поэта. Время действий поэмы 1960-годы, она – о детях, «рожденных для счастья», взрослых со своими мечтами и исканиями – всю эту атмосферу послевоенного времени рьяно передает фильм с ретромотивами и наглядной цветокоррекцией, словно XXI век и не наступал: Арал еще не превратился в пустыню, и мы продолжаем жить под советской цензурой.



Это несомненно благодаря реквизиту, создавший предметную среду казахского ауыла середины XX века. Будучи по профессии художником кино, Рустем Абдрашев отлично справился с изобразительным материалом. Наряду с природой Приаралья, которая является не только свидетелем летописи истории, но и важным компонентом, а то и мирком главного героя, мальчика, который впервые влюбился, и с этим окрыляющим чувством познал запретный слог репрессированного поэта М. Жумабаева. На этом острове Возрождения, отсылающее нас к большому периоду в искусстве, «Ренессансу», возрождается забытое, метафорично проскальзывает украдками жеста и деталями легенда о грехопадении перволюдей Адама и Евы. Девочка Жибек, в которую влюбился Жарас, дает ему красное яблоко прямиком из Алматы, как Ева дает вкушать Адаму запретный плод. Именно эти кадры становятся цветными, выходя за границы ретроповествования. В ряд предметов закладывается общий символ жизни как цикла. Они перерастают из обычных предметов быта в масштабы метафизических значений. Например, карманные часы с музыкой, доставшиеся Жарасу от деда, и, в свою очередь, яблоко – как память о Жибек. Оба предмета имеют круглую форму (если смотреть на них в двумерном пространстве). Эта круглая форма отсылает нас к циклу, общечеловеческой канве жизни. Также стоит обратить внимание на прядение веретена, которым занимается Аже (бабушка) Жараса. Киновед Инна Тлековна Смаилова по поводу значения веретена, как отдельной смысловой составляющей картины говорит: «Оно соединяет и разные судьбы людей в один сюжет, и реальность с зоной снов и мечтаний героев, и будущее с прошлым, а также киноязык фильма с мировой культурой» [3]. «Геометрический аналог веретена – ось, проходящая через центр круга, один из фундаментальных даосских образов. Это центр мирового круговорота» [4]. В фильме Р. Абдрашева ремифологизируется образ Аже с веретеном в руках, который является воплощением неторопливой, созерцательной жизни человека степей.

Если «Земля отцов» строится на конфликте поколений и мировоззрений, а тема – дружба народов необъятной страны. Для своего времени даже озвучивание темы депортации народов было достаточно смелым ходом для кино. В последующих двух примерах, разобранных в данной статье, на основе ретроспективы зрителю разоблачают истинное положение казахского народа 1960-х годов. Изобразительные решения фильмов С. Нарымбетова и Р. Абдрашева изобилуют реминисценциями и синтезированием тюркских мифообразов с опытом мировой мифологии.

Список использованной литературы:

1. Абикеева Г. О. Нациостроительство в Казахстане и других странах Центральной Азии, и как этот процесс отражается в кинематографе. – Алматы: 2006. – 308 с.
2. Ногербек Б. Н, Ногербек Б. Б. Казахское игровое кино: экранно-фольклорные традиции и образ героя: Монография. – Алматы: 2014. – 424 с.

3. Смаилова И.Т. Спор кинокритика с киновединой по поводу стилия и киноязыка в казахском игровом кино: чего хочу, что вижу, что вдохновляет. – Астана: 2013. – 102 с.
4. Климишин И.А. Календарь и хронология. – М: 1985. – 320 с.

## Қазақ киносындағы тарихи-биографиялық жанр

*Нұрланова Құндыз*

*«Кинотану» мамандығының III курс студенті, Қазақ ұлттық өнер университеті ғылыми жетекшісі: ҚазҰӨУ профессоры, өнертану кандидаты Мұқышева Н. Р.*

Тарихи-биографиялық жанр – кино өнеріндегі маңызды жанрлардың бірі. Қазақ киносы да бұл жанрда түсірілген фильмдерден кенде емес. Жанрдың ерекшелігі туралы кинотанушы Назира Рахманқызы былай дейді: «Жалпы, кино өнерінде ең бір күрделі әрі кірпияз деген екі мәселе бар: бірі –әдебиеттің классикалық шығармаларын экрандау, екіншісі – халық жақсы білетін ірі тарихи тұлғалар туралы биографиялық фильмдер түсіру. Екеуінің де жауапкершілігі өте зор» [1]. Осынау жауапкершілігі мол жанрдың қазақ киносындағы алғашқы қадамы 1938 жылы түсірілген «Амангелді» фильмінен бастау алғаны белгілі. Араға алты-жеті жылдан салып, «Абай әндері» (1945) және «Жамбыл» (1952) фильмдері экранға шығады. Сондай-ақ, классик кинорежиссерлеріміздің бірі Мәжит Бегалиннің қазақ киносының, оның ішінде тарихи-биографиялық жанрдың көкжиегін кеңейте түскен «Оның уақыты келеді» (1957), «Ел басына күн туса» (1967), «Мәншүк туралы жыр» (1969) фильмдерін айтуымыз керек. Жас ұрпақ үшін ел тарихының өткені мен бүгінін танып-білуде мұндай шығармалардың маңызы өте зор. «Алматы» киностудиясының алғашқы көркемсуретті шығармасы «Абай әндері» фильмі ұлы Абай Құнанбаевтың өміріне арналды. Фильм тек Абайдың ғана емес, сонымен қатар оны қоршаған әлеуметтік ортаның өмірімен де салыстырады. Фильмде Абайдың бейнесі махаббаттың арашасы ретінде қарастырылады. Осындай ұлы тұлғаның рөлін қазақтың талантты актері Қалибек Қуанышбаев асқан шеберлікпен сомдап шығады.

Тарихи-биографиялық жанрда түсірілген «Жамбыл» фильміндегі басты рөлді Шәкен Айманов ойнады. Жалпы бұл фильмге дейін ақынның бейнесі деректі кинода жиі пайда болды. Ж. Жабаев туралы көптеген деректі фильмдер түсірілді. Назира Рахманқызы «Қазақ киносының тарихы» оқулығында былай дейді: «Отызыншы жылдары ақын Жамбыл Жабаев туралы бірнеше деректі очерктер түсіріледі. 1937 жылы түсірілген бір бөлімді «Қазақстанның халық ақыны Жамбыл» фильмінде ақынның Тбилиси қаласында өткен Грузияның ұлы ақыны Шота Руставелидің мерейтойына қатысуы, ал «Жамбылдың шығармашылығына 75 жыл» (1938) фильмінде ақынның Қазақ ССР-нің Жоғарғы Кеңесіне депутаттыққа ұсынылуы, 1940 жылы түсірілген «Жамбыл Жабаев» очеркінде халық ақынының Қазақстанның өнер қайраткерлерімен кездесуін бейнелейді. Жамбылдың көзі тірісінде өте жиі түсірген оператор Г. Новожилов былай дейді: «Жамбылды түсіру өте қиын болатын. Жиналыстарда ол әрдайы жан-жағынан қаумалап, аппаратымызды ақын қарттың жүзіне бағыттай бастайтынбыз...» [2].

Поэзия әлемінде туылып, сол әлеммен бірге өмір сүрген алып жыршы туралы түсірілген режиссер Ефим Дзиганның «Жамбыл» көркем фильмінде ақиық

ақынның жалындаған жастық шағынан бастап, абыз ақсақал жасына жеткен шағына дейінгі күрделі өмір жолы қамтылған. Фильмнің басты идеясы – өз заманының, халқының, ұлтының жанашыры болған ұлы тұлғаның өмір жолын көрсету болды. Бір кейіпкердің бейнесі арқылы қаншама мәселелерді, сол кезеңнің былығы мен шыжығын ашып көрсетеді. Шәкен Айманов Жамбылдың бозбала шағын, орта жасқа жеткен және қартайған кезін сомдайды. Ұлы актер, режиссер Ш. Аймановтың кейіпкерінің бойынан батыл шешім қабылдай білетін, сөзі өткір, турашыл, шешен, шындыққа жаны жақын, кемеңгер тұлғаның қадір-қасиетін көреміз. Фильмде, сондай-ақ, Жамбыл бейнесі арқылы ел арасындағы біраз мәселелерді қозғайды. Қашанда халқының қамын ойлаған ақын ұлттың ұлылығын бір сәтке болсын ұмытқан емес. Бұған қоса ол – өте қарапайым адам. Шәкен Айманов ақынның кемеңгер мінезінің тамырын дөп басып бере алған. Екіншіден, әрине, бұл режиссердің де ерен еңбегі екені белгілі. Фильмде мизенсценаларға аса мән берілген. Жамбылдың, басқа кейіпкерлердің әрбір қозғалысы, жүріс-тұрысы, сөйлеуі нақты кинематографиялық тұрғыдан ұтымды берілген.

Жамбыл Жабаяев өзінің ғасырға жуық ғұмырында тау мен даланы, халық өмірін көп жырлаған ақын. Бұл қыры режиссер Қанымбек Қасымбековтың «Жамбылдың жастық шағы» (1996) атты көркемсуретті фильмінде байқалады. Фильмде ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы қазақ халқының өмірі мен тұрмысы, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары көрсетіледі. Бұл фильмнің алғашқы кадрларында-ақ пайда болады. Фильмде Жамбылдың жастық шағына назар аударылады. Режиссер дыбысқа, ақынның сөздеріне ерекше мән береді. Кинода естілетін сөздің үш түрлі формасының үшеуі де бұл фильмде кездеседі. Сонын бірі – соңғы көріністердегі кадрдан тыс естілген Жамбыл ақынның оқыған өлең шумақтары. Сондай-ақ фильмдегі монологтар мен диалогтарға да назар аударуымыз керек. Жамбыл туралы екі фильмнің бірі жалындаған жастық шағынан бастап, абыз ақсақал жасына жеткен кезіне дейінгі уақытты қамтыса, екіншісі тек жастық шағын көрсетумен шектеледі. Шәкен Айманов ойнайтын «Жамбыл» фильмінде басты кейіпкер мен халықтың өмірі қатар көрсетіліп отырады. Ал екінші фильмде ақынның өнер жолында қалай дамып, жетілгені баяндалады. Екі фильмде де Жамбыл Жабаяевтың бейнесі арынды, алып жыршы, соңында өшпес мұра қалдырған дүлдүл ақын ретінде суреттеледі.

Қазақ киносындағы тарихи-биографиялық жанр режиссер Мәжит Бегалиннің шығармашылығымен тығыз байланысты. Режиссердің үш бірдей фильмі – «Оның уақыты келеді», «Ел басына күн туса», «Мәншүк туралы жыр» фильмдері осы жанрда түсірілген. «Оның уақыты келеді» фильмінің бас кейіпкері – қазақтың ұлы ағартушысы, ғалым-этнограф Шоқан Уәлиханов. Фильмді көрген кез келген адам Ш. Уәлихановты туған еліміздің тарихын, әдеп-ғұрпын әлемге алғаш паш еткен тұлға ретінде сезінуі, танып білуі айдан анық. Мәжит Бегалиннің көкейкесті арманы – Шоқан Уәлиханов туралы фильм түсіру болған екен. Бұл туралы қазақ киносы мен театрының белгілі актерлерінің бірі Кәукен Кенжетаяев былай дейді:

«Институтта жүргеннің өзінде-ақ Мәжекен ұстазы Сергей Герасимовке бұл туралы талай рет айтып, ақылдасады. Ол кісі алдымен қазақ-орыс халқының тарихын бес саусағындай білуді талап етеді. Бұны дұрыс түсінген М. Бегалин күн демей, түн демей ізденуге кіріседі. Москва, Алматыда ол болмаған кітапхана қалмайды. Мәжитті бұл Шоқан образы он жылдай маза бермейді. Сөйтіп 1957 жылы Шоқан туралы фильмнің жұмысына кірісіп кетеді» [3]. Әрине, Шоқан сияқты қазақтың ғұлама перзентінің бейнесін және оның прогрессивтік ақыл-ойын, ағарту ісін экранда көрсету оңай емес екені белгілі. Режиссерді Шоқан рөлін кім ойнау керек, қай актер ойдағыдай алып шыға алады деген көп сауалдар мазалағаны анық. Бұл ретте ғылым жолында бар өмірін сарп еткен ұлы ғалымның бейнесін сомдау тек Нұрмахан Жантөриндей дарынды актердің ғана қолынан келері анық. Шоқан Уәлиханов дегенде бүгінде әрбір қазақтың көз алдына осы фильмдегі Нұрмұхан Жантөриннің Шоқаны келері анық.

Соңғы отыз жылда тарихи-биографиялық жанрда отандық бірнеше фильм түсірілді. Солардың бірі – 2009 жылы шыққан «Біржан сал» фильмі. Фильмнен XIX ғасырға тән халықтың тұрмыс-тіршілігін, сол заманға сай сөйлеу мәнерінің ерекшеліктерін байқаймыз. Қазақ халқының мәдениет пен салт-дәстүрге бай халық екені, табиғатқа жақын, ешкімді жатсынбайтыны, қазақтың жайдарлы, жайсан ұлт екендігі жақсы баяндалады. Фильмде басты кейіпкер Біржан салдың ішкі сезім иірімдері ұтымды берілген. Қуанса бірге күліп, жыласа бірге жабырқап отырасын. Фильм авторлары Біржандай асқақ үнді ақын, сазгер, әншінің тағдыры да, өмірі де күрделі болғанына назар аудартады. Біржан сал –қазақтың әншілік өнерін дамытып, халық музыкасын өз шығармашылығы арқылы биік белеске көтерген аса дарынды тұлға. Соңғы жылдары тарихи-биографиялық жанрда түсірілген фильмдердің бірі – «Құнанбай» (2015). Фильм Құнанбай Өскенбайұлының өмірбаяны туралы сыр шертеді. Құнанбай туралы осыған дейін тек оның сұлтан, ел басқарған басшы болғанын ғана білетінбіз. «Абай» фильміндегі Құнанбай мен осы фильмдегі Құнанбайдың бейнесі арасында айырмашылықтар өте көп. 1995 жылы жарық көрген «Абай» фильміндегі Құнанбайдан қатал әке бейнесін көрдік. Ал «Құнанбайдағы» кейіпкер кемеңгер, шешен, әрбір істің дұрыс шешімін таба білетін тұлға ретінде көрсетіледі. «Абай» фильмінде қарапайым халықтың, кедей-кепшіктің өміріне басымдық берілсе, «Құнанбайда» керісінше, бай, ауқатты адамдардың тұрмыс-тіршілігі көбірек көрсетіледі. Бірақ екі фильмнен де нағыз қазақы өмірдің белгілерін көреміз. Сол кезеңдегі қазақ халқының тұрмысы, әсіресе ауқаттылардың қалай өмір сүргені, би-болыстардың қалай кеңес құрғаны, той-жиындардың қалай өткені әдемі көрсетілген. Билер мен сұлтандардың киімдері сән-салтанаттан гөрі, қарапайым, жинақы көрінді. Ал актерлардың ойнау шеберлігі мен қазақтың кең байтақ жерінің әдемі көріністері фильмнің әсерлі болуына ықпал еткен.

Қорытындылай келе, соңғы жылдары қазақ киносында жиі болмаса да, тарихи-биографиялық фильмдердің түсірілгеніне куә болып отырмыз. Қазақтың

белгілі тұлғаларының өмірі туралы мұндай фильмдердің маңызы өте зор. Өйткені осындай фильмдердің жас ұрпақ тәрбиесіне тигізер пайдасы мол болмақ. Сонымен қатар қазақ киносының дамуына да қосар үлесі зор болары белгілі.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Рахманқызы Н. Қазақ киносы: кеше және бүгін. – Астана: 2017. – 464 б.
2. Нөгербек Б.Р., Наурызбекова Г.Қ., Мұқышева Н.Р. Қазақ киносының тарихы: оқулық. – Алматы: 2005. – 289 б.
3. Кенжетаев К. Кинорежиссер Мәжит Бегалин. – Алматы: 1994. – 112 б.

## **Кинойога: транзактный анализ «Принца Зуко» из анимационного сериала «Аватар: Легенда об Аанге»**

**Жумабаева Айдана**

ст. III курса специальность «Режиссура игрового кино» КазНУИ  
научный руководитель: **Уталиева Ж. Т.** кандидат психологических наук, доцент КазНУИ

Актуальность данной темы обусловлена тем, что каждый человек несёт в себе могущественную психическую силу, и эта сила всегда в действии. Она происходит как реакция на те сцены фильма, которые зрители видят, на музыку и диалоги, которую слышат. При просмотре фильма у зрителя уникальная практика самопознания себя (кинойога), что может существенно помочь тем, у кого никогда не было и намека на какой-то жизненный план — вдохновляющую стратегию собственных перемен.

Создателем теории кинойоги является американский психолог Тэв Спаркс. Он полагает, что потенциал «исцеления» есть фактически у каждой кинокартины, и сам фильм в состоянии «взломать» проблему, победить болезнь, трансформировать сознание и саму жизнь [1]. В основе кинойоги лежит система исцеления, так называемая «навигационная система осознания», или НСО. НСО похожа на систему координат, в которой на горизонтальной оси отражаются отношения с миром, весь опыт, который человек имеет вне себя. А на вертикальной оси – внутренний мир человека, то, что происходит у него внутри. Все, что ниже горизонтали – наши персональные вопросы: прошлое, что-то забытое, что-то такое, что мотивирует нас быть такими, какие мы есть. Выше горизонтали – опыт, который можно назвать движением к целостности, высшее Я. Работает эта система очень просто. Когда мы смотрим фильм, то относимся к нему, как к внешнему событию и все свои переживания рассматриваем именно через эту призму. Но затем мы соотносим эти же переживания со своим внутренним опытом – прошлым и будущим. Перестаем винить внешний мир, берем ответственность за происходящее на себя. Таким образом мы обретаем силы для перемен и исцеления. Тэв Спаркс рассматривает действие кинойоги через призму перинатальной матрицы смерти-возрождения и через призму четырех зон: безопасности, ловушки, войны и свободы [2].

В данной статье мы рассмотрим персонаж принца Зуко из анимационного сериала «Аватар: Легенда об Аанге» в русле транзактного анализа Эрика Берна. В основе теории транзактного анализа Эрика Бёрна лежит положение о трёх составляющих «Я» (Эго) каждой личности: Я (Эго) - Родитель, Я (Эго) - Взрослый и Я (Эго)– Ребёнок (Дитя) [3]. Каждое Я (Эго)-состояние представляет собой паттерн мышления, чувств и поведения. Выделение Я (Эго) -состояний основано на трёх аксиоматических положениях:

1) каждый взрослый некогда был ребенком. Этот ребенок в каждом человеке представлен Я (Эго) состоянием Ребёнок;

2) каждый человек с нормально развитым мозгом потенциально способен к адекватной оценке реальности. Способность систематизировать приходящую извне информацию и принимать разумные решения относится к Я (Эго)-состоянию Взрослый;

3) у каждого индивида были и есть родители или заменившие их лица. Родительское начало внедрено в каждую личность и принимает вид Я (Эго) состояния Родитель.

В реальности одно из состояний проявляется чаще всего, являясь наиболее устойчивым. Состояние Я «Родитель» для него характерны: критичное, оценочное поведение по отношению к другим, поучительный тон в высказываниях и замечаниях. «Родитель дает советы, указывает и наставляет, но в то же время готов помочь и защитить. Состояние Я «Взрослый» можно сказать, что это условно идеальное состояние. Для него характерны: ответственность, рассудительность, самокритика, честность и эмпатия. «Взрослый самодостаточен и самостоятелен. Состояние Я «Ребенок» для этого состояния характерны эмоциональность, капризы, не критичность к себе, хвастливость самонадеянность. В жизни мы постоянно переключаемся между этими тремя состояниями, в зависимости от обстоятельств. Формируются эти три состояния в процессе контакта ребёнка с родителями, когда он получает от них модели поведения и усваивает нормы и правила. В идеале все три Я-состояния должны находиться в равновесии, чтобы наилучшим образом проявляться в различных ситуациях.

В своей книге «Игры, которые играют люди» Э. Берн затрагивает так же проблему жизненного сценария человека. Согласно его теории, сценарий – это заложенная в детстве «картина мира. При этом отмечал, что непрерывно развертывающийся жизненный план, психическая сила, которая несёт человека по определенному пути в его судьбе, независимо от того, считает ли он этот путь разумным или сопротивляется. Бёрн считал, что человек не должен проживать свой сценарий от «корки до корки», человеку необходимо адаптироваться к каждой возникающей ситуации, основываясь на поиске наиболее рациональных решений. В основе транзактного анализа лежит философское предположение о том, что каждый человек будет «в порядке» тогда, когда он будет сам держать свою жизнь в собственных руках и сам будет за нее нести ответственность.

Сюжет сериала «Аватар: Легенда об Аанге» начинается с мировой войны и истребления народов – что проходит темой сквозь весь сериал. Дальше показываются контроль разума, манипуляции, этические дилеммы, смерти в семье, физические травмы и т.д. Принц Зуко – принц народа огня, первенец и единственный сын Хозяина Огня Озая и его жены — принцессы Урсы. Из всех персонажей Зуко прошёл, пожалуй, наиболее серьезное превращение за время сериала. От вспыльчивого, безрассудного и одержимого одного целью юнца (Я-Ребенок: Спонтанный- Ребенок, Приспосабливающий Ребёнок и Бунтующий-Ребенок) в первом сезоне до изменившего взгляды на жизнь человека в третьем (Я-



Взрослый). На наш взгляд, необходимо учитывать, что Зуко подросток и он самоутверждается (Я-Ребенок: Спонтанный- Ребенок, Приспосабливающий - Ребёнок и Бунтующий-Ребенок). Он был любимцем своей матери, которая словно щит оберегала и наставляла его. Зуко рос жизнерадостным и добрым ребенком, несмотря на непростые отношения с сестрой Азулой и отцом. Он имеет большой шрам вокруг левого глаза, полученный во время огненной дуэли «Агни-Кай» против отца. Транзактный анализ рассматривает человека прежде всего, как продукт взаимодействия с окружающими и базируется на трех основных общепсихологических позициях: «Я – хороший и Ты –хороший», «Я –плохой и Ты – хороший», «Я–хороший и Ты –плохой», «Я –плохой и Ты – плохой». Все люди хорошие, т.е. каждая личность обладает весом, важностью, равным правом на уважение. Люди обладают способностью мыслить (исключение – лишь те случаи, когда человек находится в бессознательном состоянии, либо его интеллект врожденно снижен). Люди сами определяют собственную судьбу и поэтому при желании могут изменять свои решения и свою жизнь. Позиция жизненного сценария Зуко «Я – хороший, и Ты – хороший». Большой вклад в Я (Эго) состояния Ребенка, Родителя и Взрослого и жизненный сценарий внесла конечно же его мать и его дядя. После некоторых трагичных обстоятельств он теряет свою мать. Лишенный своей матери, Зуко всеми силами пытается получить внимание и одобрение своего отца. Находясь в постоянном соперничестве с сестрой за внимание отца, которая лучше во всем. Зуко (Я-Ребенок: Спонтанный- Ребенок, Приспосабливающий \_Ребёнок и Бунтующий-Ребенок) получает шанс показать всем, что он тот, кто будет стоять подле отца. Ему предстоит непростая задача разобраться в себе, в людях, которые его окружают, в событиях, свидетелем которых он является. Зуко живет под другим именем в стране, с которой они воюют на протяжении десятилетий. Он видит обратную сторону войны. Все это выливается у него во внутренний конфликт, который выливается в физическую лихорадку. Зуко пережил все это, не без помощи дяди. Наш герой самостоятельно меняет свою позицию и принимает нового себя, отбрасывая всё что связано с его отцом и народом. В решающий момент Зуко отворачивается от дяди, становясь на сторону сестры. Совместными их усилиями страну захватывает Народ Огня. Принц вернулся, все ликуют и Зуко получает долгожданное прощение. Теперь все как раньше, он наконец добился своего. Подобный выбор Зуко для многих стал шокирующим и лишенным смысла, ведь он пожертвовал своим дядей. И здесь привожу некоторые диалоги фильма:

- 1) «Но я думал, что твой дядя был... ну не знаю, хорошим. У него было запутанное прошлое... Семейная традиция, думаю» (Аанг и Зуко).
- 2) «Что бы дядя сказал? Иногда у облака есть две стороны: тёмная и светлая. И золотая середина. Вроде золотого сэндвича и когда жизнь кажется трудной, съешь немного золотого сэндвича! Может быть, ещё и не всё потеряно! Вот это я понимаю! Не верю, что это сработало – я сам не понял, что сказал!

(Пояснение к цитате Сокки и Зуко проникли в тюрьму под видом стражников, чтобы найти отца Сокки. Его там не оказалось, но выяснилось, что в этой же тюрьме сидит Суюки - подруга Сокки)».

3) Я думал, что потерял свою честь, и что мой отец может вернуть её мне. Но теперь я понял, что вернуть честь никто не может. Ты должен сделать это сам, совершая достойные поступки! (Зуко).

4) Может быть, иногда лучше предотвратить провал до его начала. Нет, не лучше. В жизни будет ещё много провалов. От этого мне должно стать легче? Но даже зная об этом, нужно пробовать снова, снова и снова. Серьёзно не помогает. Нельзя сдаваться вот так просто, нельзя отступать, потому что ты боишься провала.

Эта история становления личности, преодоление внутреннего конфликта и принятия своих ошибок, о мужестве и изменении своего жизненного сценария. Данный фильм дает зрителю взглянуть на себя и задать вопросы. Уникальная практика самопознания себя через кинофильм. По-настоящему великолепное произведение и культовый персонаж.

Итак, в нашей работе были рассмотрены теории кинойоги и транзактного анализа, а также становление личности и из жизненного сценария. Таким образом, цель нашей работы: изучить подходы транзакционного подхода прописывая личность героя и его жизненный сценарий в профессиональной деятельности режиссера, можно считать достигнутой.

Список использованной литературы:

1. Дмитриева В. А., Одинцова В. В., Намди Д. М. Психология кино: учебно-методическое пособие. – СПб.: СПбГУ, 2016. – 44 с.
2. Красин С. А. Общее понятие о кинотерапии (фильмотерапии) – Харьков :2018. – 84с.
3. Берн Э. Игры, в которые играют люди. Люди, которые играют в игры: Психология человеческих взаимоотношений; Психология человеческой судьбы: Пер. с англ. / Общ. ред. М. С. Мацковского. – СПб.: 1992. – 399 с.

## СЕКЦИЯ «ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОЕ ИСКУССТВО И ДИЗАЙН»

### Ағаш өңдеу өнері: «ТОМИРИС» атты авторлық панно

*Күнгеі Бақытжан*

*«Ағашты көркем өңдеу» мамандығының IV курс студентті, ҚазҰӨУ ғылыми жетекшісі: философия ғылымдарының кандидаты, доцент Дадырова А. А.*

Адам өмірінің мәні мен адамзат мәселесінің рухани жолдарын іздену негіздері қазақ дәстүрлі философиясының ерекшелігі болып табылады. Бұл тенденция тарихи және заманауи қазақ ойшылдарының кәсіби философиялық зерттеулерінде айқын көрінеді. Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Көпшіліктің санасында тарихи үдерістер, негізінен, тұлғаландыру сипатына ие болатыны белгілі. Көптеген халықтар өз елінің ерекше елшісі сынды ұлы бабаларының есімдерін мақтан тұтады» – деп өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында айтқаны бар [1].

Тұмар ханшайым немесе Томирис күнгеі түркі сақ халықтарының байырғы заманда ел билеген атақты әйел патшаларының бірі, массагет халқының байырғы заманда ел билеген атақты ханшайымы. Адамды адам қылған еңбек – деген сөз рас, себебі адам баласының даму сатысы еңбек және ісі тығыз байланысты. Мындаған жылдар өтуде, адамның интеллектуалды еңбек пен іс әрекеті, қол өнердің дамуына, адам баласын өнер жолына жетектеді. Мысалы ертедегі адамдардың жасалған тас қаруларын алатын болсақ, бұнда да біз өнердің бір түрін көре аламыз. Әрине уақыттың адамбаласы әр ұлтқа бөлініп, жеке бір жер бетін мекендеді. Әр ұлттың өздеріне тән. Мәдениеті, тілі және де өнері пайда болды. Сол көптеген ұлт арасында біздің ата – бабаларымыз өмір сүрген. Қазақ халқының қол өнерінің даму тарихын, республика жерін мекендеген тайпалардан біле аламыз. Олар сақ, үйсін, қыншақ ғұн қарлұқ және тағы басқа көне түркі тайпаларының мәдениетімен төркіндестігінің айғағы. Ол кездегі қазақ ауылдарының көпшілігі қаламен байланыста болмады. Сондықтан олардың өзіне қажетті үй бұйымдарының басын көпшілігін қалалардан сатып аларлықтай мүмкіндігі болмағандықтан, негізінен, халық шеберлерінің өнеріне сүйенді олардың белгілі бір қолөнер түріне мамандана кәсіп етуі шеберлердің негізгі күнкөріс көзіне айналатын. Соның өзінде қолөнер шеберлерінің өнерлі еңбегі, тіпті ғажап туындылардың өзі де жете бағаланбайды. Сондықтан, қолөнерді кәсіп етуші шебер жандардың өзі жоқшылық зардабынан қол үзе алмады. Қазақ қолөнер шеберлерінің күнделікті еңбегінің тым ауырлығының бір себебы, олардың басым көпшілігінде жабдықталған арнайы шеберханалардың болмауы. Әсіресе, ершілер, зергерлер, етікшілер, тағы да басқа ұсақтүйек бұйымдар жасайтын шеберлер, көбінесе, қысы – жазы тұрғын үйінде жатып істеді. Қазіргі таңда қол өнердің дамуы айтарлықтай жоғары. Өйткені ата – бабалаларымыздың бізге қалдырған өнер мұрасы, қазіргі қол өнершілерге әрдайым

үлгі ретінде қызмет етеді. Қазақ халқының қол өнер тарихы Қазақ халқының қолөнері деп халық тұрмысында жиі қолданылатын өру, тігу, тоқу, мүсіндеу, құрастыру, бейнелеу сияқты өнер жиынтығын айтады. Шын мәнінде қолөнер түрлерінің әрқайсысының талай ғасырлық тарихы бар. Қазақ халқы өзінің күн көріс тіршілігіне қажетті үй-жай салуды, киім-кешек тігуді, азық-түлік өндіруді өзінің тұрмыстық кәсібі етіп, оларды күнбе-күнгі тіршілік барысында орынды пайдаланса, әсем бұйымдар жасап, өмірде сән-салтанат та құра білді. Қазақтың ұлттық қолөнерінде ағаштан көптеген заттар жасалады. Балташылар, ағаш ұсталары, ершілер қайыңды, үйеңкіні, үйшілер, ағаш ойып, шыбық өріп тоқушылар талды пайдаланады. Балташылар үй борайды, еден төсеп, арба, шана, жақтау, қақпа, тіреу сияқты ірі заттарды істейді. Ағаш ұстасы стол, шкаф, сөре, орындық, кебеже, асадал, рамалар жасайды. Ағаш оюшылар оны жонып күйдіреді де бояулап өрнектейді. Шыбық өрушілер, тоқушылар қамыстан, шидан қорап, шыпта, орындық, шарбақ сияқты заттарды өреді. Бұл жұмысқа бұтақсыз, оқырасы жоқ, таза ағаш тандап алынады. Ағаш шеберлері балта, пышқы, үстірік (сүргі), бұрғы, ағаш түрпісі, тез, қысқы, үскі, қашау сияқты аспаптарды пайдаланады. Бұлардан басқа түрлі өлшеуіш пен үлгі, біз, қырғы, желім, бояу сияқты көмекші құралдары да болады. Ағаштан бұйым жасайтын шеберлер: емен, қайың, самырсын, үйеңкі, қызыл қарағай, шынар, қара ағаш, ырғай, шырғай, тасжарған, мойыл, қайыңның түбірі (безі), жөке, тал, арша, жаңғақ ағашы, май қарағай сияқтыларды пайдаланады. Бұлардың бірі қатты, бірі жонуға оңай, жылтыр, ал кейбіреуі жарылмайтын, қаңсымайтын болса, енді кейбіреуі иілгіш, жеңіл, су сіңбейтін бірақ бояу сіңгіш, желім ұстағыш болады. Әрбір істің ерекшелігіне қарай әр түрлі сападағы ағаштар пайдаланылады. Ағаштан жасалған бұйымдарды көркемдеп өңдеудің ең ежелгі түрі оған өрнек ою болып табылады. Адам баласы ғасырлар бойы өзінің тұрған үйін, ат әбзелдерін, қолөнер бұйымдарын ою өрнекпен көркемдеп безендіріп отырған. Мысалы, сақтар кезеңінде ағашқа бедерлеп мүсіндеу өнері кең етек алған. Ағаштан ойып жасалған шағын мүсіншелермен сақтар ер-тұрман әбзелдерін көркемдеген, ағаш бұйымдарын безендірген. Өрнекті оюдың бірнеше тәсілі бар. Соның бірі — геометриялық бейнедегі өрнек. Мұндай өрнек ағаш бетіне геометриялық сурет салу арқылы жасалады. Олар үшбұрышты, төртбұрышты немесе шаршыны бірнеше үшбұрышқа бөлу арқылы өрнектеледі. Мұндай өрнектер өте шағын әрі кішкентай ойықтар болғандықтан, оларды зімпарамен тазалау немесе әрлеу қиын. Сондықтан өрнекті орындау сапасы пышақ пен қашаудың өткірлігіне тікелей байланысты.

Екінші тәсіл – өрнекті жұқалай тіліп салу (плоскорельефная резьба). Мұндай өрнекті салғанда оның ізін пышақпен тіліп, өрнектің жиектерін көлбеулей жұқалап жонып алады. Бұл тәсілдің ерекшелігі, мұнда нобайы бойынша өңделетін бейне шет жақтарынан да өңделеді. Сондықтан да өрнекті жұқалай тіліп салу әдісі алынады. Мұндай оюды бірнеше әдістермен орындайды: біріншіден, өрнектің жиектерін дөңестеп, жұмырлай жиектеп, өрнекке көрініс беріледі; екіншіден,

өрнектің сыртқы жиегін өрнек денесінің ортасынан да ойықшалап бедер беріледі; үшіншіден, бірінші және екінші әдіспен орындалған өрнектің түбін (фоньон) бедерлеу, бедерді өрнектің мәніне қарай таңдап, бедер беру тәсілімен орындайды. Мен өзім ағашпен жұмыс істегенде осы үшінші әдісті қолданамын. Өрнекті тақтай бетінің бір шетінен бастап салу әдісі. Тақтайдың өрнек салынатын бетінің көлеміне қарай сызылатын өрнек үлгінің көмегімен симметриялы жиек етіп салынады. Барлық жағдайда базалық жиек 5 мм-ден кем болмауы керек. Салынатын өрнек тақтайдың бетіне симметриялы түсуі үшін тақтайдың бетіндегі бөлінген бөлшектер міндетті түрде жұп болуы керек. Сонда ғана өрнек иықтары бір бағытқа бағытталады. Тақтайдың бетін тең бөліктерге бөліп түсірілген сызықтар мен базалық сызықтардың шекарасында өрнектер ырғағы бір-біріне түйісіп тұрулары шарт. Егер сызылатын өрнек, өрнектелетін тақтайдың бетіне толық көшірілуі қажет болған жағдайда, көшірме кальканың немесе үлгінің көмегімен көшіріледі. Ағашты өңдеу жұмыстарына қажет құрал-саймандармен танысайық. Ағашты кесіп, дайындауға қол ара, балта, кернеу ара қолданылады. Балтамен ағаш бұтақтарын шапса, қабығың әр түрлі қырғыштармен алады. Ағаштан алынған тақтайды түрпімен, қарапайым сүргімен, үлке сүргімен т. б. құралдармен өңдейді, сондай-ақ бұрғы мен үскіні де пайдаланған.

Ағашты кесуге қажетті ең басты құрал – қол ара. Ара қалыңдығы әр түрлі болат жолақтардан жасалады, оларды төсем деп атайды. Төсем өте қатты, тегіс және иілгіш болуы шарт. Оның иілгіштігі аз әрі тым қатты болса, төсемнің тістері тез сынады. Араның тістері екі түрлі қызмет атқарады: біріншіден ол ағаштың талшығын кеседі, екіншіден, кесілгенде пайда болған ағаштың ұнтағын сыртқа ысырып, шығарып отырады. Ағашты кесу үшін араның әр түрін пайдаланады. Ағаш талшықтарын кесу бағытына байланысты оны көлденең ұзына бойы және аралас әдіспен кесуге болады. Көлденең кескенде, кесу бағыты ағаш талшығына перпендикуляр, ұзына бойы кескенде, параллель болады. Көлденең кесу үшін, ара тісінің кескіні – тік үшбұрыш, ал ұзын бойы кесу үшін қиғаш болады [2]. Археологиялық қазбалардың жазбаларына сүйенсек, ағаш пен сүйектің көркемдік тұрғыда өңделуі Қазақстан аумағында бағзы заманнан бері дамып келеді. Егер Қазақстанның кейбір аймақтарында ағаш ұсталар ағаштан барлық бұйымдарды жасай беретін болса, басқа ағаш шеберлері көп жерде жасалатын бұйымдардың түріне қарай кәсіптік өндірістердің де түрлі салаларына бөлінуі байқалады. Ағаштан үй жиһаздары, ыдыс-аяқ, үйдің сүйегі, ер-тоқымдар, арбалар жасалатын. Ағаш қолжетімді әрі табиғи таза, мықты және жеңіл болғандықтан көшпелі өмір салтында тұрмыстық бұйымдарды жасау үшін таптырмайтын материал болып табылады. Ағаш ұсталары нақыш салу, тегіс бедерлі, үш қырлы, шеңберлеп ойып бедерлеу, тесіп ойу әдістерін жетік меңгерген. Ағаш ұстасының құрал-саймандары аса көп болмайтын. Құралдарның ішінде балташалар, қашаулар мен пышақтардың жиынтығы, біз бен қысқыштар, пышқы мен жонғыштар болатын. Ағаш өңдеушілерді халық арасында ағаш ұста деп атайтын. Алайда, шеберлігіне қарай

бағалы әшекейлі бұйымдарды жасайтын ұсталар - қас шебер. Ол дәрежеге жете қоймағандарды балта шебер деп бөлген. Ер жонатын қолөнерші ерші киіз үйдің сүйегін жасауға бейімделгендері үйші деп аталған. Үйшілер халық арасында ерекше ықыласқа бөленген. Өйткені олар ағашты ажыратудың түр-түрін меңгеріп, оны өңдей алатын ерекше тәсілдерді жиналмалы үйдің әр бұйымының құрылымдық ерекшелігін білген. Бұйымдарды ерекше нақышта ою ойып сәндейтін аса талантты ағаш ұсталарын халық арасында ағаштан түйін түеді деп марапаттаған. Қазақтың ұлттық қолөнерінде ағаштан көптеген заттар жасалады. Балташылар, ағаш ұсталары, ершілер қайыңды, үйеңкіні, үйшілер, ағаш ойып, шыбық өріп тоқушылар талды пайдаланады. Балташылар үй борайды, еден төсеп, арба, шана, жақтау, қақпа, тіреу сияқты ірі заттарды істейді. Ағаш ұстасы стол, шкаф, сөре, орындық, кебеже, асадал, рамалар жасайды. Ағаш оюшылар оны жонып күйдіреді де бояулап өрнектейді. Шыбық өрушілер, тоқушылар қамыстан, шидан қорап, шыпта, орындық, шарбақ сияқты заттарды өреді. Бұл жұмысқа бұтақсыз, оқырасы жоқ, таза ағаш таңдап алынады.

Мақаланың тақырыбын сақ патшайымы Томириспен байланыстырып қоюының бірнеше себептері бар. Алдымен, бұл тақырып қазіргі таңда өте ауқаталды болып табылады. Қазіргі жастардың тарихқа, маңызды оқиғаларға, тарихта орны ерекше күшті тұлғаларға қызығушылығы күннен күнге артуда. Екіншіден, адам өмірінің мәні мен адамзат мәселесінің рухани жолдарын іздену негіздері қазақ дәстүрлі философиясының ерекшелігі болып табылады. Бұл тенденция тарихи және заманауи қазақ ойшылдарының кәсіби философиялық зерттеулерінде айқын көрінеді. Қазақ тарихына, мәдениетіне, тіліне үлкен үлес қосқан тұлғаларды болашақ ұрпаққа өнеге ретінде, олардың елі, жері үшін істеген жақсы істеріне еліктеу мақсатында бейнелеу өнерінде ұлықтау қажет. Жұмысты бастап жасау үшін ең алдымен ағашты дайындап алуымыз керек. Панно тек ағаш материалынан ғана жасалмайды. Әшекейлі декор ретінде металдан жасалған қосымша элементтер қосылатын болады. Панно негізін қарағай ағашынан жасалады. Және де ою-өрнектер көмкеріле ойылып орындалады. Адам баласы ғасырлар бойы өзінің тұрған үйін, ат әбзелдерін, қолөнер бұйымдарын ою өрнекпен көркемдеп безендіріп отырған. Қорытындылай келе, ағаш өнерінің қарқынды дамып келе жатқандығын айтқым келеді. Қазіргі ағаш бұйымдары заманға сай заманауи, композиция жағынан жаңартылған болып келеді. Ең бастысы қазақи, ұлттық нақышта сақталған. Өнер сүйіп, өнер сыйлап өскен қазақ халқы әр уақытта өнерлі, шебер адамдарға үлкен ілтипат көрсетіп, құрметтеп келген. Халық қолөнерінің тарихын біліп, оның құпия құбылыстарын игеру, халық қазынасын байыта түсу бүгінгі талапкер жастарға үлкен сын [3]. Сақтардың қолөнері – сақтардың тұрмысында үйдегі өндірістің үлкен мәні болды. Еңбек құралдарын, киімдер, қару-жарақтар, тұрғын үйлер, түрлі аспаптар жасауға керекті шикізаттардың көпшілігін ертедегі мал өсірушілер жергілікті жерде өндіріп, өңдеді. Өнерлі шеберлер өз қауымы мүшелерінің қажет заттарын жасап беріп, оған айырбасқа ауыл

шаруашылық өнімдерін алды. Қауым ішіндегі айырбасқа қоса руаралық және тайпа- аралық айырбас та кеңінен тарады. Кең-руда шикізаты, бірқатар шаруашылық бұйымдары, әшекейлер кейде шалғай жерлерден тасып әкелінді. Бірақ неғұрлым кейінгі уақыттағы қолөнер өндірісінен айырмашылығы — сақ қолөнері түрлерінің дамымағандығымен және мал шаруашылығына тығыз байланыстылығымен ерекшеленеді, үй кәсібі де жақын болып, бөлініп кете қойған жоқ.

TOMIRIS тақырыбын тандаған себебім сол кездегі өнерді және салт дәстүрді түсініп, өз мамандығым арқылы яғни ағашты көркемдеп өңдеу арқылы, және жаңа техникамен басланыстырып, қазіргі жастарға қызықты және түсінікті етіп жасау. Жаңа техника ол дегеніміз, тек қана ағашты ойып көрсету емес, басқада материалдармен үйлестіріп мағынасы бар, панно үйлестіру. Панно дегеніміз мүсіндік бейнелер немесе түрлі суреттермен әшекейленген туынды. TOMIRIS атты авторлық панно, қолданылатын материалдар ағаш, темір, мата, сүйек, тастар. Неге жаңа техника, авторлық паннода, 3D эффектісі қолданылады, ол дегеніміз, рельеф техникасымен қатар жүреді. Мысалға сақ дәуіріндегі бұйымдар, өрнектер, ағаш панноға ойылып, сыртынан сүйекпен қапталынады. Авторлық паннода Тұмар патшаның образдық бейнесі суреттелінеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Президентінің ресми сайты, 21.11.2018. – [https:// www. akorda. kz](https://www.akorda.kz).
2. Қазақ қолөнер энциклопедиясы. – [http:// kazneb. Kz](http://kazneb.kz).
3. Тойбаева Ж. Н. Мәңгілік ел – Қазақстан. Вечная страна – Казахстан. Kazakhstan – eternal country: (фотоальбом). – Алматы: 2017.

## Қазақтың ұлттық ою-өрнектерінің семантикасы

*Қамзабек Әсма*

*«Театр, кино және теледидар костюмдерінің сценографиясы» мамандығының 3 к. ст. ғылыми жетекшісі: Сырбаева А. Ә. ҚР Театр қайраткерлері одағының, Еуразиялық дизайнерлер одақтың мүшесі*

Ұлттық ою-өрнек – қазақ халқының көркем шығармашылығының ең көрнекті бөлімдерінің бірі, оның рухани өмірінің ажырамас бөлігі болды. Бұл халықтың өмірімен, олардың салт-дәстүрлерімен, ұрпақтар сабақтастығы негізінде, ең жақсы дәстүрлі және көркемдік нысандарды сақтау және дамыту негізінде тығыз байланысты болды. Бала кезінен кез-келген көшпенділер ою-өрнектің символикасын білетін және оның мағынасын аша алатын болған. Бүгінгі таңда, өкінішке орай, Қазақстанда ұлттық ою-өрнек жасаудың ежелгі құпияларын білетін және меңгеретін шеберлер жоқ, қазақтың ұлттық өнерін сақтау мәселесі өте өткір, сәндік, қолданбалы және сәндік өнерде қолданылатын бай дәстүрлер мен дағдылар жоғалып бара жатыр. Мәселен, бүгінде кілем тоқу кезінде тек 50 өрнек қолданылады – бұрын 200 ою-өрнек қолданылатын.

XXI ғасырдың гуманистік құндылықтары аясында ұлттық тарих пен мәдениеттің жандануы қазақ халқының өзіндік дамуының маңызды шарты болып табылатын рухани дамуының жаңа кезеңдерін айқындайды. Ою-өрнектің шығу тарихы ежелгі дәуірге басталды. Алғашқы ою-өрнектер тас дәуірінде табылған. Қола дәуірінде (Андронов мәдениеті) және сақ-савроматтық кезеңінде олар әлдеқайда жақсы дамыған. Көшпелі халықтардың ою-өрнек өнері көрші халықтармен тығыз қарым-қатынас нәтижесінде үнемі дамып, байыды. Өнер мен қолөнер және қазақ ою-өрнектері туралы мәліметтерді ортағасырлық авторлардың көптеген дереккөздерінен, XVI ғасырда Қазақстан территориясына барған еуропалық этнографтар мен саяхатшылардың еңбектерінен табуға болады. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Қазақстанды зерттеуге қазақ халқының тарихын, өмірін, салт-дәстүрін зерттейтін, археологиялық ескерткіштерді және т.с.с. ескеретін Ресей Географиялық Қоғамы және әсіресе оның Батыс Сібір бөлімі белсенді қатысты. Қазақтың ою-өрнек өнерін мақсатты түрде зерттеген алғашқы авторлардың бірі XX ғасырдың басында Маңғыстауға келген неміс ғалымы Р. Каруц болды. Бұл сапардың нәтижесі «Маңғышлақтағы қырғыздар мен түрікмендер арасында» атты жұмыс болды [1]. Кеңес дәуірінде А. Марғұланның басшылығымен республикада қазақ халқының тарихы мен мәдениетін егжей-тегжейлі зерттеу басталады [2]. Сәндік, қолданбалы және ою-өрнек өнерін зерттеуде қазақстандық зерттеушілер үлкен үлес қосты: Т. К. Басенов, Х. Арғыбаев, М. Мұқанов, К. Ибраева, Ө. Жәнібеков және басқа қазіргі заманғы зерттеушілер И. Ерофеев, А. Шевцова. Олар қазақ ою-өрнегінің пайда болуы мен дамуының ғылыми негізделген көрінісін берді, оның құрылу заңдылықтарын, симметрияның мәнін, фон мен өрнектің тепе-теңдігін ашты. Соған қарамастан, қазақтың ұлттық



ою-өрнектерін зерттеу бүгінде жалғасуда, оның көптеген аспектілері жеткілікті зерттелмеген және ұсынылмаған. «Ою-өрнек» термині – элементтерді ұйымдасқан түрде ырғақты ауыстыруға негізделген өрнек (безендіру). Қазақ ою-өрнегінің мотивтері өте көп және алуан түрлі, олар әртүрлі дәуірлер мен стильдердің ерекшеліктерін тек формада ғана емес, техникада да сақтайды. Негізгі заңдылықтарды XVII ғасыр мен XX ғасырдың басында қолданылған геометриялық, өсімдік, зооморфты, космогониялық және басқаларға бөлуге болады. Негізгі үлгілердің тіркесімінен туынды стильдер мен комбинациялардың массасы құрылды [2]. Семантикаға қазақтардың ұлттық киімдер мен әшекейлерде қолданатын ою-өрнектердің мағыналық мағынасына ерекше назар аударғым келеді. Ежелгі шеберлер ою-өрнектің адамға қатты эмоционалды әсер ететінін білген, оған қуаныш пен қайғы, махаббат және бақыт сезімдерін жеткізу әдеттегідей еді. Барлық дерлік ою-өрнектер бір уақытта белгілі бір түрде «оқылды». Бала кезінен кез-келген көшпенділер ою-өрнектің символикасын білетін және оның мағынасын оңай таба алатын. Мысалы, киіз үйге кіргенде, ол есіктің төбесіндегі үстіндегі ою-өрнекті көріп: «Бұл жерде от ешқашан өшпесін» деген мағынада екенін білетін болған. Ою арқылы ерлер, әйелдер және балалар киімдерін жомарт етіп безендірілетін болған. Киім әрдайым әлеуметтік мәртебеге сәйкес өрнектелген – жомарт немесе қарапайым түрде, ауқатты адамға арналған және жай адамға арналатын. Адамды жасына, қай аймақтан шыққанына, нақтырақ айтсақ – қай тайпадан шыққанына, бір-бірімен тұлғааралық қарым-қатынас орнатуға көмектескен. Қыздар мен ұлдар үшін - әсіресе. Қазақ баласының әрбір жасы оған сәйкес келетін ерекше, сәндік декорация, киім, зығыр, зергерлік әшекейлермен қатар жүрді. Ислам діні адамдар мен жануарларды бейнелеуге тыйым салған, сондықтан адамдар өздерінің эстетикалық идеяларын тек ою-өрнектермен білдіре алатындай істеген. Ғ. Н. Потанин: «Қазақ ою-өрнегі үйдегі барлық жарықтарға енеді; киіз үйде жұмысшы үй иесінің арқасында киізден бірде-бір сынық, бірде-бір былғары, ағаш бетінен ою-өрнегі жоқ. Еңбекқор қырғыз әйелінің данышпаны киіз үйді көркем галереяға, дәлірек айтсақ, ою-өрнектер көрмесіне айналдырды» [3]. Әдетте, киім қандай материалдардан жасалғанына байланысты кесте немесе аппликациямен өрнектелген. Ою-өрнектің табиғаты әрдайым киім үлгісімен немесе өрнек қолданылған затпен жасалған материалға сәйкес болды: әр өрме өзінің тарихын айта алады, мұнда әрдайым оның бастапқы себептері мағыналы, өңделген, әлемнің, табиғаттың немесе кеңістіктің формалары болатын. Мысалы, ромб – құнарлылықтың белгісі – бұл киім безендірудің формативті негізі. Стильдендірілген өсімдіктердің өрісі даланы бейнелеген, ал өсімдік тұқымының бейнесі үлкен ұрпақтарға ие болуды білдіреді [4]. Көшпенділер кезінде таңбаланған жануарлар әлемі зооморфтық ою-өрнектерде көрініс тапты, және жануарлардың барлық түрлерінде өзіндік ою-өрнек болды; мысалы, «түйенің ізі», «қошқардың мүйізі» (қошқар мүйіз), «сүйек» (жылиншық), «омыртқа» (омыртқа), «иттің құйрығы» (бұл құйрық) және т.б. Киіз үйдің суреттері көшпенділерге

геометриялық ою-өрнек жасауға түрткі болды; ұқыптылық, достық, мәңгі қозғалыс, беріктік пен ажыратылмау идеясын жұптасқан шеңберлер, жартылай шеңберлер, синусоидалар білдірді. Мысалы, «Қошқар мүйіз» және «асатяқ» белгілері селекционердің материалдық жағдайын білдіреді, ал егер киім түйе табанының үлгісімен безендірілген болса, бұл киімдер ұзақ сапарға тігілгенін білдіреді. Егер адам біреуге бақыт, бостандық және тәуелсіздік тілесе, оған «құсмұрын», «қосқанат» белгілері бар зат берді. Үтір түріндегі ежелгі элементті қазақтар «бақыт» – сәттілік, бақыт, өркендеу деп атаған. Бұл элемент негізінен халаттар мен орамалдар кестесінде қолданылған. Қыздардың үстіңгі киімдері мен көйлектерінде гүлдер немесе қарлығаш түріндегі ою-өрнектер қолданылды. Жебе, бүркіт, қошқардың мүйізі тәрізді өрнектер ұлдардың киіміне қолданылды. Барлық еуразиялық халықтардың суды белгілейтін толқын желісі болды [5]. Көшпелі қоғамның табиғат күштеріне тағзым ету ландшафтық ою-өрнектің символизмінде көрініс табады, ол кеңістікті, жеңімпаздықты, гүлденуді, кеңдікті бейнелейтін бұлттар, найзағайлар, оттың бейнесімен сипатталады, олар ашық қанық түстермен орындалды. Әлемнің, ғаламның және ғарыштың пайда болуының көріністері космогониялық әшекейлердің негізін құрады. Жұлдыз тәрізді өрнектер – «жұлдыз гүлі», «жұлдыз өрнек», «жоғарғы жұлдыз» деп аталды. Сыртқы киімдер, олар ерекше күндер мен мерекелерге, өрнектерге арналған, олар иелерін жаман көзден қорғайды деп ойлайтын. Негізінен олар өте қымбат шапандар болды, ал олардың иелері асыл отбасыларға тиесілі. Бұл киімдердің көбі әлі күнге дейін Ресей мен Қазақстанның этнографиялық музейлерінде бар. Күн мен ғалам бейнесін бейнелейтін космогониялық өрнектер «күн көзі», «күн сәулесі», «шуақан» (күннің шығуы) қазіргі таңбалар мен Қазақстан геральдикасында сәтті қолданылып жатыр. Қазақ ою-өрнегінің негізі – симметрия және ырғақтық композиция қағидаларын қатаң сақтайды. Шеберлер үлкен және кіші ұшақтарға күрделі конфигурациялары бар композицияларды орналастырды. Үйлесімді түстер схемасы, ырғақты ауысу және әр түрлі реңктердің үйлесімі - қазақтың ою-өрнегінің ерекшелігі. Түс бұйымның материалымен және өрнектер графигімен тығыз байланысты болды. Ою-өрнек үшін киімдегі түрлі-түсті бояудың терең мағынасы мен маңызы болды. Әр түстің өзіндік символикасы болды: көк – аспан, ақ – қуаныш, ақиқат, бақыт, сары – білім, даналық, қызыл – от, күн, жасыл – жастар, көктем, қара – жер және т.б. Ақ пен қызыл түстің үйлесуі мерекенің көрінісі ретінде қабылданды, күңгірт, күңгірт тондар сағыныш пен қайғы-қасіретті білдірді [6]. Сондай-ақ, ою-өрнек өнері туған жердің байлығы мен сұлулығын, қоғамдық өмірдің өрлеуін және құлдырауын тамаша жеткізетіні белгілі. Киімнің әр үлгісінде, әр үлгіде өзіндік халықтық тарихы көрсетілген. Барлық бөлшектер терең мағынаны, өмір философиясын алып келді. Бұл дәстүр халық арасында ұзақ уақыт бойына сақталып келген, оған сәйкес үйленіп, басқа ауылға көшкен қыз ата-анасына қолмен жасалған сыйлық жіберуі керек. Жиі ою-өрнектің көмегімен қыз өзінің өмірін суреттеді. Егер ою-өрнектегі кілемде немесе орамалда ол символикалық жұқа

адамды бейнелесе, ал оның жанында толық ата-анасы жылап, сыйлық алғаннан кейін оның қызы аз өмір сүрді. Егер құстың тұмсығы немесе қанаты болса – бұл қыздың еркін құс сияқты өмір сүретінін білдірсе, ата-аналары достары мен туыстарын сол жерге жиналатын. [7]. Киімдерден басқа, қазақтың зергерлік бұйымдары үлкен семантикалық жүктемені алып жүрді. Тарихшы И. Ерофеева былай деп жазды: «Ғылыми және танымал ғылыми жарияланымдардың дизайнында, сондай-ақ қазіргі сәндік-қолданбалы өнерде, негізінен, сол ою-өрнек түрлері жиі қайталаынады. Сонымен бірге зергерлік бұйымдармен және дала билеушілерінің мөрлерімен танысу ою-өрнектер жиынтығы әлдеқайда кең және әртүрлі болғандығын білдіреді. Өткен ғасырлардағы жазбаша деректерге сүйенсек, мөр сақиналарының құрылымы мен олардағы ою-өрнек бойынша, баспасөз иесіне тиесілі мүлікті тануға болады. Сонымен, тамшы тәрізді форма билеуші элиталарға тән болды, қасиетті қасиет – тері дөңгелек мөр сақиналарын киген, білектері мен батырлары – сопақша, алмұрт тәрізді және шаршы. Қару-жарақтарға қатысты қолданылатын нәрсе, олар да бейнеленген: егер кейбір сатушыларға гауһар тастар болса, басқалары алтын немесе күмістен жасалған, яғни олар бір-бірінен байлық, әшекейлеу және ою-өрнек бойынша ерекшеленетін» [8]. Шебері зергерге сәттілік, аттың шапшаңдығы мен қажырлылығы әкеледі деп ойластырылған қалыңдықтың, ер-тоқымның, үзік-үзік бөлшектердің бөлшектерін безендірді. Кейде зергерлік бұйымдар символдық мағынаға ие жануарлардың суреттерімен безендірілген. Мысалы, жылқы басы ойды бейнелейді, сұңқар – ептілік, балық – қырағылық, тышқан – малдың құнарлылығы және т.б. [9]. Ою-өрнектер жасау үшін пайдаланылатын материалдар сәйкесінше осы символизмге бағынышты: алтын немесе кәріптас киелілік пен байлықты білдіру үшін пайдаланылды, қызыл маржан қуанышты, інжу-маржан немесе күміс адалдық пен шыншылдықты, көгілдір – нәзіктік пен мәңгілікті, мөлдір топаз - тазалықты білдірді. Қыздар «джзик» немесе «билезик» – білезіктерді киді, бір сақина құстың тұмсығы болса, екіншісі құстың қанаты, ол тәуелсіз болуды және көп өмір сүруді білдіреді. Екі қағидаттың, екі отбасының бірлігінің нышаны екі саусақтары бар жаппай сақиналар болды – сақина қадалары. Мұндай сақиналарды келінге қамқоршы және мейірімді көзқарас үшін келіншек сатушы берген [10]. Балық мотивтері мен мүйіздерінің бұйралары бар бекітпелер мен белгілер құнарлылықты білдіретін өнімдер санатына жатады. Очарование – қыздар (алқа өнерсі), үшбұрышты пішінді тұмар – тұмарша, үкі аяқ (бүркіт тырнағы) және басқалар киген, олар тек салтанатты жағдайда ғана болатын. Көбінесе ежелгі ою-өрнектің салт-дәстүрлік мәні болған. Көптеген көшпенділер күн шеңберімен қола және күміс талисмандрды киген, олар сиқырлы белгілер, бақыт пен өркендеудің нышаны, діни сенімнің көрінісі еді. Сондай-ақ, ою-өрнектің зұлым дала рухтарын кетіруге және бақытсыздықтардың алдын алуға мүмкіндігі бар деп саналды. Ол тек жұмыс күндері мен мерекелерді безендіріп қана қоймай, оларды жасаушылардың ойлары бойынша ғаламды басқаратын жұмбақ күштерге қатысы бар адамдардың тіршілік етуін жасады .

